

**М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2015-2020 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Мазмұны

	Кіріспе	3
1.	Жаһандық үдерістерді талдау	4
2.	Ағымдағы жағдайды және тиісті стратегиялық бағыттардың даму үрдістерін талдау	6
2.1	Жоғары оқу орнын тиімді басқару және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету	6
2.2	Инновациялық білім беру	8
2.3	Озық зерттеулер және ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру	11
2.4	Интернационалдандыру және халықарлық білім кеңістігі мен ғылыми кеңістікке ықпалдасу	13
2.5	Кадрлық әлеуетті дамыту және талантты ОПҚ тарту	16
2.6	Тәрбие жұмысы және студенттік бастамаларға қолдау көрсету	17
2.7	Заманауи материалды-техникалық базаны дамыту және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету	18
3	Миссиясы мен болашағы	22
4	Стратегиялық бағыттары, бастамалары, міндеттері, іс-шаралар мен нәтижелілік көрсеткіштері	23
	Қорытынды	

Кіріспе

Жетпіс жылдық тарихы бар, білім және зерттеу инфрақұрылымы дамыған, ғылыми мектептері қалыптасқан, жоғары технологиялар саласында күрделі мәселелерді шешуге қабілетті кадрлық әлеуетке ие М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті көпсалалы ірі университет болып табылады. Университет бүкіл Қазақстанның кәсіпорындары мен ұйымдары үшін мамандар дайындайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы еліміздегі демографиялық өсім бойынша көшбасшы болып табылады, мұнда тұрғындардың жартысын 35 жасқа дейінгі жастар құрайды. Болашақта өңір Қазақстанның заманауи урбанистік орталығы ретінде дамитын болады, отандық және шетелдік инвестициялар үшін тартымды болады, соған байланысты білім, ғылым және әлеуметтік сала дамитын болады.

Оңтүстік өңір минералды-шикізат ресурстарына бай: полиметалл кендері (қорғасын, мырыш, титан, марганец, хром, алтын, никель, кобальт, мыс, ванадий, сирек кездесетін элементтер), фосфат шикізаты, барит, дала шпаты, бентонит сазы, тефрито-базальт, перлит, цеолит, волластонит, вермикулит, қиын балқитын отқа төзімді саз, кварцит, әктас, мрамор, слюда, доломит, маршаллит, құм-қиыршық тас қоспасы мен құм, саздақ, опока және опока тәрізді саз, гипс, әктас-ұлтас және т.б.

Облыс өнеркәсібінде өнеркәсіптік өнімнің 80%-дан астамын өндіретін 150-ге жуық ірі және орта кәсіпорындар жұмыс істейді.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың 2015-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы жаңа буын мамандарын дайындайтын, профилі, құзыреті мен біліктілігі бәсекелес болуға мүмкіндік беретін, еңбек нарығының барлық талаптарына жауап беретін академиялық орта құруға бағдарланған кәсіпкерлік жоғары оқу орнын қалыптастыру болашағын анықтайтын концептілік құжат болып табылады.

Қазақстанның білім және ғылым жүйесінде көшбасшылыққа жету мақсатында, білім, бизнес, инженерия, ауыл шаруашылығы саласында мамандар дайындауда көпжылдық тәжірибеге ие М.Әуезов атындағы ОҚМУ жұмыс берушілердің терең логикалық ойлай алатын, жаңа білімдерді қордалауға қабілетті мамандарға деген қажеттілігін қанағаттандыруға ұмтылып келеді. Университет жаңа білім салаларын дамытуға, жаңа буын техникасы мен технологияларын жасауға, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің тиімді коммерцияландырылуына, өңірде қосымша құны жоғары инновациялық өнім қалыптастыруға күш жұмсайтын болады. Осы басымдықтар ғылыми-білім және тәрбиелік кешен ретінде университеттің Даму Стратегиясын әзірлеуге негіз болды.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың 2015-2020 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №118 Жарлығымен бекітілген 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1

ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 26 наурыздағы №258 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы №874 Жарлығымен бекітілген 2015-2019 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 7 қаңтардағы «Қазақстан-2050» стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауына, Елбасының 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол» Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес әзірленді.

1. Жаһандық үдерістерді талдау

Қазіргі әлемде ғылым, білім және өндіріс ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторларына айналып келеді.

Жоғары білім мен ғылым аса маңызды ұлттық және жалпыәлемдік басымдықтардың қатарына ұсынылуда, адамдардың, қоғамның, ұлттың мәдени, әлеуметтік және экономикалық тұрақты дамуының маңызды компоненттері ретінде танылуда.

Әлемдік білім беру жүйесінің қазіргі дамуында келесі іргелі үрдістер байқалады:

1. Білімді интернационалдандыру, өңірлік білім кеңістігінің пайда болуы мен әлемдік білім кеңістігінің дамуы.

Білімді интернационалдандыру – халықаралық, мәдениетаралық немесе жаһандық өлшемдердің жоғары білімнің мақсатына, функциялары мен үдерістеріне ықпалдасу үдерісі.

Білімді интернационалдандыруға халықаралық ынтымақтастықтың келесі формалары кіреді: жеке ұтқырлық: білім мақсатында студенттер мен оқытушы-профессорлар құрамының ұтқырлығы; білім бағдарламаларының ұтқырлығы және институционалды ұтқырлық; білім бағдарламаларының халықаралық жаңа стандарттарын жасау; оқу бағдарламаларына халықаралық өлшем мен білім стандарттарын ықпалдастыру; институционалды әріптестік: стратегиялық білім альянстарын құру.

Дамыған және дамушы елдер білімді интернационалдандыру стратегиясын қабылдап, оны іске асырып келеді, мұның өзі бүкіл әлемде интернационалдандыру тәжірибесінің ұлғаюына және трансшекаралық білімнің дамуына септігін тигізіп келеді. Жыл сайын өз білімін шетелде жалғастыру үшін өз елінен кетіп жатқан студенттер саны артып келеді. ЭЫДҰ деректері бойынша, соңғы жиырма жылда өз елінен тыс жерде білім алушалыр саны 1990 жылы 1,3 миллионан 2011 жылы 4,3 миллионға дейін жеткен (Education at a Glance 2013. Paris: OECD, 2013. P.308

Интернационалды филиал-кампусстар, зерттеу зертханалары мен ақпараттық кеңселерді, көптеген ғылыми-зерттеу әріптестіктерін, қызмет көрсету жобаларын құру, университеттер ұйымдастыратын факультетаралық алмасу арқылы өзінің жаһандық қатысуын ұлғайтып келе жатқан колледждер мен университеттерден тікелей шетел инвестицияларының өсуі жалғасып келеді.

Мемлекеттің имиджін нығайту үшін ұлттық білімнің әлеуетін пайдаланатын шет елдердің тәжірибесі (әсіресе, ЭЫДҰ-ға мүше елдер: Австралия, Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Франция) шетелде ұлттық білім беру жүйесін қолдау мен ұсынуға мемлекеттік инвестициялардың тиімді екендігін дәлелдеді.

Қазақстан үшін осы үрдісті танудың негізгі мақсаты білім беру жүйесін жаңғыртудан, Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне қосылуынан көрінеді. М.Әуезов атындағы ОҚМУ үшін бұл әлемдік білім кеңістігінде өз орнын іздестіру және жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін білім сапасының әлемдік стандарттарына бағдарлану қажеттілігін білдіреді.

2. Жаппай жоғары білімге көшу және білім беру қызметі жүйелерін дамыту.

Бұқаралық сипаттағы жоғары білімге ие болу үрдісі түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің университет құқығы мен мәртебесіне ие жоғары оқу орындарына, алуан түрлі білім бағдарламаларына кеңінен қол жеткізуіне әкелді, мұның өзі университеттер үшін жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімді, екінші жоғары білімді дамытумен байланысты жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сонымен қатар бұл үрдіс білім ордалары санының ұлғаюы барысында мемлекет пен қоғамның білімді дамытуға қосқан салыстырмалы ресурстар көлемі тұрақты болуына әкеледі, соның салдарынан бір студентке шаққанда бюджеттік қаржыландыру және бір оқытушыға шаққанда ғылымның қаржыландырылуы азаяды. Бұл өз кезегінде сапаның төмендеуі есебінен білім беру қызметінің өзіндік құнының төмендеуіне әкеледі.

3. Білім беру ісінің елдің жалпы ішкі өнімін, өндірістік күшін қордалайтын ұлттық экономика салаларының белгілерін иеленуі.

Дүниежүзілік банктің есебінше, Солтүстік Америка мен Батыс Еуропаның ұлттық байлығының 75 %-дан астамын адам капиталы, яғни туындаған мәселелерді тиімді шешу мақсатында, білімді пайдалана алатын тұрғындар болып саналады. Осы себепке орай көптеген елдердің үкіметтері ұлт болашағына жасаған инвестиция ретінде қарастыра отырып, ұлттық білім жүйелерін дамытуға ауқымды қаражат қосып келеді.

Қабылдаушы елге таңдаулы шетел мамандары мен талантты студенттерді жұмысқа тартуға бағытталған білікті кадрлардың миграциясын қолдау стратегиясы экономикалық дамуды қамтамасыз ету мен еліміздің білім экономикасындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру құралдарының бірі болып табылады.

Осы үрдіс университеттер үшін өз білім бағдарламаларын заманауи экономика талаптарына бейімдеуге, бағдарлама номенклатурасы мен білім

сапасының алға дамытуды іске асыруға, өз қызметінен жаңа табыс көздерін табуға мүмкіндік береді. Заманауи университетке табысты болу үшін бітіруші және ертеңгі күні жұмыс беруші тұрғысынан ойлау, озық маркетинг жүйесін дамыту керек.

4. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, «бүкіл өмір бойы» білім алу.

Мемлекет пен қоғам дамуының заманауи үрдісі – мамандардың өз кәсіби құзыреттіліктерін үздіксіз жетілдіруге, кәсіби біліктілігін арттыруға және қайта дайындауға, кәсіби ұтқырлықтың ұлғаюына деген тұрақты қажеттілік. Осыған байланысты жоғары оқу орындары арасында құрылымды және кәсіби білім бағдарламасының мазмұнын диверсификациялау бойынша, білімді көпарналы қаржыландыруды дамыту бойынша мүмкіндіктер ашылуда.

Осыған байланысты негізгі міндет – ЖОО базасында қосымша білім беру жүйесін дамыту (Германия, Австрия, Швейцария және т.б. жоғары оқу орындарына ұқсас), аралас және корпоративті білім бағдарламаларын жасау.

5. Білім беру жүйесінде ең жаңа ақпараттық технологиялардың дамуы, олардың білім беру үдерісімен, білім беру мекемесін басқарумен жүйелі ықпалдасуы.

Заманауи ақпараттық технологиялар, қашықтықтан оқытудың қарыштап дамуы ұлттық шекараларды білім беру қызметі үшін мүлдем ашып берді. Оқытудың жаңа нысандары жоғары білімге кең даңғыл жол ашып, оқыту мазмұнын, әдістерін, формалары мен қарқындарын дараландыруды қарастырады. Түрлі елдердің жоғары оқу орындары өздерін ұлттық шекаралармен шектемей, барлық студенттерге өз өнімдері мен қызметтерін ұсынатын бірыңғай әлемдік білім кеңістігі қалыптасты.

Жаңа ақпараттық технологиялар университеттерді басқару жүйесіне белсенді негізде еніп келеді, сапалы менеджментті қамтамасыз етуге ықпал етуде, жалпы алғанда, университеттердің алдына жаңа мүмкіндіктер ашуда.

6. Білім беру университетінен зерттеу, инновациялық университет үлгісіне көшу эволюциясы.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының көпшілігі технологияларды әзірлеу мен ендіруге, қолданбалы ғылым мен консалтингтік қызметтерді дамытуға, мемлекет пен қоғамның тіршілік қызметі саласын технологиялық дамытуға қатысуға бағдарланған инновациялық, зерттеу университеттері ретінде танылып келеді. Жоғары оқу орындары таза білім беру мекемелері ретінде әлемдік білім жүйесінің элиталық сегменттерінде бәсекеге қабілетті бола алмай, арзан төмен сапалы білім беру саласына ығыстырылып шығарылуда.

2. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті стратегиялық бағыттардың даму үрдістері

2.1 Жоғары оқу орнын тиімді басқару және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

Университетті басқарудың тиімді жүйесі қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету шарттарының бірі болып келеді.

ОҚМУ-дың басқару жүйесіне жасалған талдау көрсеткендей, ол жоғарғы деңгейде бүкіл ұйымның қызмет тиімділігін қамтамасыз ететін функционалды бөлімшелерді, төменгі деңгейде дербестіктің белгілі бір дәрежесінде және тиісті жауапкершілікке ие бола отырып, жедел басқаруды қамтамасыз ететін бөлімшелерді (факультеттер мен кафедралар) құруды қарастыратын функционалды сипатқа ие. 2014 жылы 4 факультет Жоғары мектепке айналдырылды, мұның өзі Назарбаев университетінің тәжірибесін ендіру бойынша алғашқы қадам болып табылады.

Университетте үдерістік әдіске негізделген сертификатталған сапа менеджменті жүйесі жұмыс істейді. 26 үдеріс анықталды, оның 13-і негізгі, қалғандары қосымша болып табылады.

Университеттің ішкі жұмыстарының нәтижелігі білім беру қызметінің негізгі үдеріс көрсеткіштерімен анықталады: оқу, тәрбие, әдістемелік және ғылыми. Университетте 14 факультет, 9 ғылыми-зерттеу институты, 10 ғылыми орталық, 21 ғылыми зертхана, инновациялық орталық, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру кеңсесі. «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі өңірлік сынақ зертханасы мен «Сапа» сынақ орталығы жұмыс істейді.

Имидж саясатын қолдау арқылы сыртқы ортада университеттің заманауи имиджін қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс атқарылуда. ОҚМУ-дың имидждік саясаты түрлі салаларда өңірлік, республикалық және халықаралық деңгейде университеттің стратегиялық және тактикалық міндеттерін шешуге ықпал ететін ОҚМУ-дың оң бейнесін жасауға, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық және коммуникативті ресурстарын тиімді үйлестіруге бағытталған.

2013 жылы университет Білім сапасын қамсыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінде (БСҚТҚА) институционалды аккредиттеуден өтті.

2014 жылы ОҚМУ Білім сапасын қамсыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінде (БСҚТҚА) қазақстанның ең үздік көпсалалы ЖОО-ның ұлттық рейтингісінде **үшінші** орын алды. Бағдарламалық рейтингіде үздік үштікке кірген мамандықтар саны 30-дан 43-ке дейін ұлғайды. 2014 жылы ОҚМУ QS World University Rankings агенттігінің рейтингісінде **651+** тобына кірді.

Негізгі мәселелерді талдау

Корпоративтік басқарудың заманауи үдерістерін ескеретін болсақ, ОҚМУ-ды басқару белгілі бір қолайсыздықтарға ие болып, жекелеген функционалды міндеттерді қайталай отырып, жеткіліксіз шамада ұтқыр болып келді. Университеттегі ақпараттық басқару жүйесі оқу үдерісін басқаруға ғана бағытталған. Білім беру ұйымдарының менеджментінің шетелдік тәжірибесі жеткіліксіз пайдаланылады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: академиялық ортада автономия және алқалы басқару формаларын енгізу үшін заңнамалық базаның жетілмеуі.

Ішкі факторлар: орта буын әкімшілік-басқару персоналының жеткіліксіз тәжірибесі, университеттің құрылымдық бөлімшелері арасындағы әлсіз көлденең үйлесімділік.

2.2 Инновациялық білім беру

Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

ОҚМУ-да кадрлар дайындау орта, кәсіби және жоғары білім негізінде күндізгі, кешкі, сыртқы және қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша іске асырылады.

Университет дайындайды:

- Білім беру, өнер, жаратылыс ғылымдары, әлеуметтік ғылымдар мен бизнес, техника ғылымдары мен технологиялар, қызметтер, құқық, ауыл шаруашылық ғылымдары мен мал дәрігерлік салалары бойынша 86 мамандықтан бакалаврлар;

- 2 бағытта: бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағытта 61 мамандықтан магистрлер;

- Ғылыми-педагогикалық бағыттағы 14 мамандықтан PhD докторларын.

ASIIN(Accreditation Agency Specialised in Accrediting Degree Programmes in Engineering, Informatics, the Natural Sciences and Mathematics) Германия аккредиттеу агенттігінде ОҚМУ-дың 20 білім бағдарламасының (оның ішінде 7 бағдарлама қайта аккредиттелуден табысты өтті) халықаралық аккредиттелуі арқылы халықаралық танымалдылыққа ие болу жоғары білікті кадрлар дайындау сапасын растайды.

Химия саласында 4 білім бағдарламасы бойынша университеттің "EUROBACHELOR" сапа лейблін, инженерлік профильді 4 бағдарлама бойынша EUR-ACE® белгісін және информатика саласында 2 білім бағдарламасы бойынша EURO-INF® белгісін алуы аккредиттеуден табысты өту нәтижесі болып табылды.

2014 жылы бакалавриаттың 56 білім бағдарламасы, магистратураның 40 білім бағдарламасы және PhD докторантураны 7 білім бағдарламасы Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша тәуелсіз қазақстандық агенттікте (БСҚТҚА) мамандандырылған аккредитациядан өтті.

Университеттің білім бағдарламаларының мақсаттары ҚР Ұлттық біліктілік рамкасымен, Дублин дескрипторларымен, Жоғары білімнің Еуропалық Рамкалық Біліктілігімен (A Framework for Qualifications of the European Higher Education Area) және Еуропалық Білім рамкасымен (The European Qualifications Framework for Lifelong Learning) үйлестірілген.

Оқыту мақсаттары екі құрамдас – кәсіби және әлеуметтік бөлімге ие:

1. Нақты білім саласында теориялық және практикалық білімдерді меңгерген, күрделі және мамандандырылған салада әдістер мен құралдарды игерген, алған білімді қолдана алатын, өндірістің қазіргі даму жағдайын бағалай және талдай алатын, сондай-ақ өндірістік сипаттағы міндеттерді шешу үшін тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті мамандар дайындау.

2. Мемлекеттік және шетел тілдерін еркін меңгерген, концептілік, талдау және логикалық ойлау дағдыларын, еңбек және оқу қызметінде шығармашылық әдісті көрсете алатын мамандар дайындау.

2013-2014 оқу жылында білім үдерісіне құзыретті әдіске негізделген оқытудың модульді білім беру жүйесі ендірілген. Модульдік білім траекториялары бүкіл оқыту кезеңіне арналады, мұнда таңдау компоненті

бакалавриатта 60%, магистратурада 70% және докторантурада 90% құрайды, мұның өзі жұмыс берушілердің немесе еңбек нарығын тұтынушылардың талабы бойынша оңай және жылдам түзетілуі мүмкін.

Университет мамандықтарының пәндері оқу-әдістемелік материалдармен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдарымен тұрақты жаңартылып отырады.

Оқу үдерісінде кейс-әдіс, портфолио мен синквейн құру, жеке және топтық жобалар, интеллект-карталар, іскер және рөлдік ойындар, пікірталастар мен тренингтер, on-line режимде вебинарлар, бейнеконференциялар сияқты интерактивті оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Оқу үдерісіне студенттердің аналитикалық ойлау қабілетін, оқиға мен жағдайды болжау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін кейстер ендірілуде.

2010 жылдан бастап университетте жыл сайын жаңашыл педагогтардың форумы өткізіліп келеді, мұның өзі озық білім тәжірибелерін және үздік ақпараттық-педагогикалық технологияларды насихаттауға, оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға, педагогикалық тәжірибені қорыту мен таратуға, ЖОО оқытушылары мен мектеп мұғалімдерінің педагогикалық шығармашылығын қолдау мен ынталандыруға ықпал етеді.

2011-2012 оқу жылынан бастап техникалық, экономикалық және ауыл шаруашылық мамандықтарының жұмыстық оқу жоспарларына «Жоба сарапшысы мен аудит сарапшысы» міндетті тараудан тұратын «Коммерцияландыру және бизнес-жоспарлау» оқу курсы ендірілген. Студенттер диплом жобасын (жұмысын) бизнес-жоспар әзірлей отырып аяқтайды, инновациялық идеялар әзірлеу мен оларды іске асырудың практикалық дағдыларын иеленеді. Техникалық, ауыл шаруашылық мамандықтардың 28 білім бағдарламасына болашақ мамандардың практикалық құзыретін дамытуға мүмкіндік беретін «Жұмысшы кәсібі бойынша практикум» пәні енгізілді.

Университетте оқу-ғылыми-өндірістік кешендермен (ОҒӨК) өзара әрекеттестікте білімнің практикалық бағытын күшейтудің пәрменді тетігі жасалған. ОҒӨК бизнес-құрылымдар, ҒЗМ, жобалау-конструкторлық бюро, коммерцияландыру орталықтары тиімді өзара әрекеттесетін корпорацияны құрудағы жөнелту нүктесі болып табылады. «ПетроКазахстанОйлПродактс» ЖШС, «ҚазФосфат» ЖШС, «Южполиметалл» АҚ, Оңтүстік-Батыс өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты «Агроинновация» АҚ, «Оңтүстік Мұнай газ» ЖШС, «Автобуссервис» ЖШС, «Қазақстан темір жолы» ҰК компанияларымен мейлінше тиімді әріптестікті дамытып келеді.

2004-2005 оқу жылынан бастап университетте тиімді көптілді орта құру жұмысы жүргізіліп келеді, ол академиялық ұтқырлықты дамытуға және біріккен білім бағдарламаларын іске асыруға ықпал етеді. Қазіргі таңда бакалавриаттың 21 мамандығында және магистратураның 1 мамандығында пәндер шет тілінде оқытылады, мұнда 500 білім алушы оқиды. 312 базалық және бейіндік пәндер бойынша оқыту ағылшын тілінді жүргізіледі. Сапалы кадрлық құрамды қамтамасыз ету үшін, ағылшын тілінде базалық және

профильді пәндерді жүргізетін оқытушыларды іріктеу мен дайындау тетігі құрылған. Ағылшын тілінде сабақ беретін ОПК үлесі 12% құрайды.

Білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша өткізілетін іс-шаралар бітірушілердің жұмысқа орналасуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді, мұның өзі 2013-2014 оқу жылында 87,3%-ды құрады.

Университетте ТЕМПУС-тің 4 жобасы табысты орындалып келеді, олардың, 3-і білім бағдарламаларының сапасын жетілдірумен және оларды еуропалық стандарттарға сәйкес үндестірумен байланысты:

- «Орталық Азиялық жоғары білім беру жолында: құрылымдарды баптау және сапа мәдениетін құру» (TuSANEА);

- «Орталық Азияда инженерлік білім сапасын арттыру» (QUEECA);

- «Орталық Азия мен Ресейдегі жаңартылатын энергетика және ғимараттардың энергия тиімділігі бойынша магистрлік бағдарламалар» (MAPREE);

2014-2015 оқу жылында Назарбаев университетінің және әріптес-шетел университеттерінің тәжірибесіне негіздеп, 4 факультет жоғары мектепке айналдырылды, мұның өзі менеджмент жүйесін жақсартудағы алғашқы қадам болып табылады. Жоғары мектептер құру ИИД МБ бойынша енгізілетін химия, тоқыма, агроөнеркәсіп кластерлері кәсіпорындары үшін кадрлар дайындаумен байланысты. Білім беру және ғылыми қызметтің стратегиялық бағыттарын шыңдау үшін, әрбір жоғары мектепте академиялық кеңеспен қатар өндіріс өкілдерінен құралған салалық кеңес жұмыс істей бастады. Жоғары мектептердің құрамына ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар кірді.

Негізгі мәселелерді талдау

Университеттің білім беру қызметінің негізгі мәселелерін талдау келесілерді атап өтуге мүмкіндік береді: рентабельді емес біршама бакалавриат мамандықтарының болуы, магистратурада және PhD докторантурада білім алушылар үлесінің аз болуы, жұмыс берушілердің есебінен оқитын білім алушылардың төмен үлесі.

Іс-тәжіибеден өту, соңынан жұмысқа орналасу үшін, дуальді оқыту жүйесі бойынша кәсіпорындармен және ұйымдармен пилоттық бакалавр білім бағдарламаларын әзірлеу және жоғары мектептің жаңа білім бағдарламасы аясында практикаға бағдарлап оқытуды ендіру үшін шарттар жасау механизмін жетілдіру қажет. Көптілді оқыту және пәнаралық магистрлік білім бағдарламалары жеткілікті ендірілмеген.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: талантты талапкерлердің беделді астаналық жоғары оқу орындарына кетіп қалуы, демографиялық құлдырау, бәсекелестердің белсенді саясаты, кадрларды сатып алуға жұмыс берушілердің грантты жеткіліксіз бөлуі.

Ішкі факторлар: жас кадрлардың жұмысқа тартылуы нашар, бітірушілерді жұмысқа орналастыру және олармен кері байланыс орнату жүйесі жеткіліксіз дамыған.

2.3 Озық зерттеулер және ҒЗЖ нәтижелерін коммерцияландыру Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми-зерттеу жұмысының бағыттары ҚР Үкіметі белгілеген ғылымды дамытудың басым бағыттарына, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының қажеттіліктеріне және ЖОО-ның потенциалына сәйкес анықталды.

Ғылыми зерттеулерді тиімді басқару және олардың нәтижелерін өнеркәсіптің түрлі салаларына ендіру мақсатында, университетте 9 ҒЗИ, 10 ғылыми-зерттеу орталығы, 21 ғылыми зертханалар, кафедрааралық ғылыми кешендер, тәжірибелік-өндірістік кешен, технологиялық бизнес-инкубатор, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру кеңсесі, технологиялар трансферті орталығы, жаңа технологиялар бөлімі, аналитикалық зерттеу орталығы, кәсіпкерлік және әріптестік орталығы, жобалау-конструкторлық бюро кіретін Инновациялар және технологияларды коммерцияландыру департаменті құрылды.

Ғылыми зерттеулер жүргізгенде, университет ғалымдары ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу комитетінің Ұлттық аккредиттеу орталығы аккредиттеген және сертификаттаған зертханалардың қызметтерін пайдаланады: «Конструкциялық және биохимиялық материалдар» инженерлік бейіндегі өңірлік сынақ зертханасы мен «Сапа» сынақ орталығы. Зертхана 2012 жылдан бастап әлемнің 60 елінде танылған ІЛАС-MRA халықаралық зертханааралық белгіні пайдалану құқығын иеленді.

Ғылыми зерттеулер бекітілген ҒЗЖ жоспарларына, оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларына және ғылыми-зерттеу жұмыстарының перспективалық тақырыптық жұмыстарына сәйкес жүргізіледі.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмысы 197 тақырыптан құралған 12 бағытта жүргізіледі, олардың ішінде МФТСҰО АҚ-да 63 ҒЗЖ тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған ИИД МБ аясында университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттары ретінде келесілер анықталды: химиялық технология, жаңа құрылыс материалдары, нанотехнология, биотехнология, көмірсутекті шикізатқа арналған технология және мұнайхимия, жаңартылатын балама энергия көздері, металлургия, ақпараттық және ғарыш технологиялары.

Қаржыландырылатын ҒЗЖ жалпы көлемі соңғы 5 жылда бес есеге дерлік ұлғайды. 2013 жылы университетте 683,4 миллион теңге сомада 93 жоба, 2014 жылы 458,4 млн. теңге сомада 89 жоба іске асырылды. Қаржыландырудың қысқаруы 2014 жылы гранттық жобалардың күнтізбелік аяқталуымен байланысты. Университетте 4 халықаралық ғылыми жобалар орындалуда.

ОПҚ-ның қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысуы соңғы 5 жылда 19,2%-дан 28,7%-ға дейін өсті. 2014 жылы іске асырылатын жобаларға қатысушылардың жалпы санына шаққанда, білім алушылардың үлесі 45%-ды құрайды.

Өндіріске 2011ж.-59, 2012ж.-64, 2013ж.-127 ғылыми әзірleme ендірілді, оқу үдерісіне 2011ж.-169, 2012ж.-263, 2013ж.-549 ҒЗЖ нәтижесі ендірілді, мұның өзі соңғы үш жылда осы көрсеткіштердің жақсарғандығын растайды.

Университетте ғылыми қызмет нәтижелерін белсенді жариялауға барлық жағдайлар жасалған. 6 ғылыми журнал шығарылады. Жуналдардан басқа, конференциялардың ғылыми еңбектер жинағы шығарылады. Жыл сайын «Әуезов оқулары» Халықаралық конференциясы өткізіліп келеді. 2014 жылдан бастап осы конференция негізінде жыл сайын Халықаралық инжиниринг және технологиялар конференциясы – International Conference of Engineering and Technology (ICET-2014) өткізілетін болды.

2013 жылы университет оқытушы-профессорлар құрамы Қазақстан мен шетелде 130-дан астам ғылыми конференцияға қатысты. Университет ғалымдары мен оқытушылары 2013 жылы 28 монография және ҚР, алыс және жақын шетелдің түрлі журналдарында, 3824 ғылыми мақала жариялады, оның ішінде «Thomson Reuters» және «Scopus» базасына кіретін импакт-факторлы рейтингілік шетел журналдарында 78 ғылыми мақала жариялады.

«Зерттеу арқылы оқыту» принципін жүзеге асыру студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына баулуды көздейді. Университетте 12 ғылыми студенттік қоғам (ҒСК), 96 студенттік ғылыми үйірме (СҒҮ), 4 студенттік конструкторлық бюро (СКБ), 3 студенттік технологиялық бюро (СТБ) жұмыс істейді, сонымен қатар жобаларды коммерцияландыруға мүмкіндік беретін студенттік бизнес-инкубатор бар. Мұнда студенттер эксперимент жүргізу, алған нәтижелерді өңдеу дағдыларын меңгереді, көрнекі құралдарды, зертхана құрылғылары мен техникалық оқыту құралдарын жобалайды және дайындайды. Университет студенттері ауыл шаруашылық, химия өнеркәсібі, машина жасау саласында 30-дан астам жоба дайындады. «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған «Инновациялық Қазақстан» Республикалық жастар конкурсының қорытындылары бойынша «Технологиялық жаңалық» номинациясында 3 студент жеңімпаз атанды.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да Жас ғалымдар кеңесі жұмыс істейді. Жас ғалымдар Қазақстан Республикасында және жақын шетелде ғылыми-практикалық конференцияларға, форумдарға, семинарларға белсенді қатысып келеді. 2011 жылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Жас ғалымдар кеңесі ҚР Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Қоры өткізген «Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы «Үздік жас ғалымдар кеңесі» конкурсында 1 орын алды.

ҒЗЖ бәсекеге қабілеттілігінің, коммерциялық тартымдылығы мен инновациялық нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші – патенттік-өнертабыстық қызмет. Университет ғалымдары 2013 жылы 154 қорғау құжаттары, оның ішінде 49 патент пен инновациялық патенттер, авторлық құқық нысандарын мемлекеттік тіркеу туралы 105 куәлік алынды.

Негізгі мәселелерді талдау

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі мәселелерін талдау келесілерді атап өтуге мүмкіндік береді: жас ғалымдардың қаржыландырылатын ҒЗЖ-ға тартылуының төмендігі, экономиканың шынайы

секторларына ҒЗЖ нәтижелерінің қажеттілігінің төмендігі, зерттеу жабдығының жеткіліксіз жүктелуі, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің және тәжірибелік-өнеркәсіптік үлгілерді дайындаудың және оларды өндіріске енгізудің жеткіліксіз деңгейі, ҒЗИ мен ғылыми орталықтардың университет ішінде және халықаралық деңгейде кафедралармен ықпалдасуының жеткіліксіз дәрежесі, озық ғылыми ойды пайдалануды қиындататын шетел тілін жеткіліксіз меңгеру.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: эксперименттер өткізу және ҒЗЖ ендіру кезіндегі тәуекелдер мен белгісіздік.

Ішкі факторлар: ғылыми қызметкерлердің бизнес саласына кетуі, ғылыми мектеп ғалымдарының «қартаюы».

2.4 Білім мен зерттеулерді интернационалдандыру

Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

Интернационалдыру саласындағы ОҚМУ қызметі жоғары оқу орны қызметіне Еуропа жоғары білім беру кеңістігінің қағидалары мен халықаралық келісімдер және құжаттардың ержелерін ендіруге негізделеді: «Өз әлеуетімізді мейлінше пайдалану: Еуропа жоғары білім беру кеңістігін шоғырландыру» еуропа білім министрліктерінің коммюникесі, «Білімді жетілдіруге арналған ұтқырлық» 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Еуропа жоғары білім беру кеңістігінде ұтқырлықты дамыту стратегиясы, Болон процесіне және III Болон саяси форумына қатысушы-елдердің білім министрлерінің VIII конференциясы аясында қабылданған «Болон үдерісі аясынан тыс: жоғары білім берудің ұлттық, өңірлік және жаһандық кеңістігін құру мен өзара әрекеттесу» III Болон саяси форумына қатысушылардың біріккен мәлімдемесі (26-27 сәуір 2012 жыл, Бухарест қ., Румыния).

Инновацияға бағдарланған жоғары оқу орны атана отырып, ОҚМУ 23 елдің (оның ішінде алыс шетел – 15, жақын шетел – 8) 134 жоғары оқу орнымен, ұйымдарымен және ғылыми-зерттеу институттарымен ғылыми және академиялық ынтымақтастықты іске асырып келеді.

Университеттің ассоциацияланған байланыстарын дамыту басымдықтары халықаралық ұйымдар мүшелеріне ұсынған мүмкіндіктермен анықталады. М.Әуезов атындағы ОҚМУ Еуропа университеттері ассоциациясының (EUA), Еуропа ЖОО ассоциациясының (EURASHE), Еуропа химиялық тақырыптық желісінің (ECTNA), Халықаралық сән және дизайн университеттері ассоциациясының, Халықаралық Педагогикалық білімдер ғылыми академиясының мүшесі, «TEMPUS» бағдарламасы бойынша жоғары білімді реформалау саласында сарапшылардың Ұлттық командасының мүшесі және Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қоюшы болып табылады. Еуразия университеттерінің ассоциациясы құрамына және «ТМД желілік университеті» Үйлестіру кеңесіне кіреді. 2010 жылдан бастап Еуропа қонақжайлылық университеттері ассоциациясының (EURHODIP) мүшесі, ШЫҰ университеттері альянсының базалық жоғары оқу орны болып табылады.

ОҚМУ қызметінің маңызды бағыты – білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы. 2014 жылы 500-ден астам студент, магистрант пен докторанттар академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде оқытудан, тағылымдама мен практикадан өтті. 100-ден аса студент АҚШ, Австрия, Германия, Люксембург, Испания, Чехия, Польша, Латвия, Қытай, Малайзия, Ресей және басқа елдерде оқыды. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша әріптес-жоғары оқу орындары: Аусбург университеті (АҚШ), Вена университеті (Австрия), Леобен-Монтана университеті (Австрия); Анже қаласындағы Жоғары ауыл шаруашылық мектебі (Франция); Люксембург университеті (Люксембург), Эссlingen жаратылыс ғылымдары университеті, Гамбург қаласындағы жоғары қолданбалы ғылымдар мектебі (Германия); Либерец университеті, Прага қаласындағы Карлов университеті (Чехия), Брно қаласындағы Техникалық университет, Прага қаласындағы Химиялық технологиялар институты (Чехия); Алькала де Энарес университеті, Ллейда университеті, Кадис университеті (Испания), Лодзин университеті, Верхнесилез экономикалық университеті, Катовице қ. (Польша), Туриба университеті, Латвия ауыл шаруашылық университеті, Рига қ., Латвия университеті, Рига қ. (Латвия), Гедеминес атындағы Вильнюс техникалық университеті (Литва), Дебрецен университеті (Венгрия), Путра-Малайзия университеті (Малайзия), Пекин көлік университеті (Қытай), Баликесир университеті (Түркия), Ресей Халықтар достығы университеті, Н.Э.Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті (Ресей).

2014 жылы 13 оқытушы «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетел жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өтті: Лотарингия университеті (Франция), Джордж Вашингтон университеті, BrukerLtd.(США), Мәскеу мемлекеттік мәдениет және өнер университеті, Мәскеу мемлекеттік автожол техникалық университеті (МАДИ), К.Тимирязев атындағы РМАУ-ММАА, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті (Ресей), Жещув политехникалық университеті, Верхнесилез экономикалық университеті (Польша), Лестер университеті (Ұлыбритания). Сондай-ақ 2 студент ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы есебінен АҚШ-та оқиды.

Инженерлік мамандықтардағы студенттік тағылымдама алмасу бойынша Халықаралық Ассоциацияға маңызды орны бөлінеді – IAESTE. Осы бағдарлама бойынша «Өнеркәсіптік, азаматтық және жол құрылысы», «Көлік, тасымал мен қозғалысты ұйымдастыру», «Геоэкология және табиғатты пайдалану» кафедраларында Түркиядан, Испаниядан, Чехиядан келген шетелдік студенттер тағылымдамадан өтті.

Халықаралық байланыстар жүйесінде университет түрлі студенттік алмасу бағдарламаларына қатысып келеді: DAAD, Франция, Түркия, Қытай, Үндістан, Испания елшіліктерінің, Британ Кеңесінің және т.б. бағдарламалары. Университетті халықаралық білім кеңістігіне ықпалдастыру аясында ТЕМПУС IV жобасы іске асырылып келеді.

ТМД желілік университеті аясында (Ресей) 5 магистрант білім алды: Ресей Халықтар достығы университетінде - 3, Н.Э.Бауман атындағы Мәскеу

мемлекеттік техникалық университетінде - 1, Санкт-Петербург ұлттық ақпараттық технологиялар, механика және оптика зерттеу университетінде (НИУ ИТМО) - 1.

Университетте зерттеу жүргізу мен лекция оқу, шеберлік сыныптары мен практикалық сабақтар өткізу үшін, шетел ғалымдарын тартуға ерекше көңіл бөлінеді. Жыл сайын университетке АҚШ, Франция, Испания, Бельгия, Ресей, Украина мен т.б. шетелден 100-ге жуық профессорлар мен зерттеушілер шақыртылады.

ОҚМУ-да 14 біріккен білім бағдарламасы іске асырылады, оның ішінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқыту және студенттердің білімін бағалау әдістерін келісу, әріптес жоғары оқу орындарында оқыту нәтижелерін өзара тану, әріптес жоғары оқу орнында академиялық кезең ішінде оқу, магистрлік және докторлық диссертацияларға біріккен ғылыми жетекшілік атқару, қонақ лекцияларын ұйымдастыру, оқытушылардың тағылымдамалары негізіндегі қос диплом бағдарламалары.

Жасалған шарттар негізінде университетте келесі бағыттар бойынша қос диплом бағдарламасы іске асырылып келеді: «Жаңартылатын энергетикалық жүйелер» (Гамбург жоғары қолданбалы ғылымдар мектебі); «Тамақ өнімдерінің технологиясы» (Гамбург жоғары қолданбалы ғылымдар мектебі); «Туризм» (Балыкесир университеті); «Менеджмент» (Ресей Халықтар достығы университеті, Новосибирск мемлекеттік университеті); «Заңтану» (Ресей Халықтар достығы университеті); «Филология» (Ресей Халықтар достығы университеті); «Технологиялық үдерістер мен өндірістерді автоматтандыру» (Н.Э.Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университеті).

2014 жылдан бастап МИРБИС Мәскеу экономика және бизнес жоғары мектебімен бірге Master Business Administration бағдарламасы бойынша жоғары білікті басқарушы кадрларды дайындаудың біріккен бағдарламасы іске асырылып келеді.

ОҚМУ ШЫҰ желілік университетінің базалық жоғары оқу орны болып табылады. Мамандарды біріге дайындаудың басым бағыттары ретінде келесі бағыттар бойынша студенттер мен магистранттардың академиялық алмасуы қамтамасыз етіледі: IT-технология, энергетика, экология, нанотехнология.

ОҚМУ халықаралық жобаларға белсенді қатысып келеді, университеттер консорциумы келісімдерінің аясында ТЕМПУС еуропалық бағдарламасы жобаларын қоса алғанда 5 жоба іске асырылып келеді: «Орталық Азия мен Ресейдегі жаңартылатын энергетика және ғимараттардың энергия тиімділігі бойынша магистрлік бағдарламалар» (Инсбрук университеті (Австрия), Таллин Техникалық Университеті мен Лунд Университеті (Швеция), «TuСАНЕА – Орталық Азиялық жоғары білім беру жолында: құрылымдарды баптау және сапа мәдениетін құру (Гронинген университеті (Нидерланды), Пиза университеті (Италия), «студенттік өзін-өзі басқару және Қазақстандағы демократиялық қатысу (СТУДИК)» (Дрезден Техникалық Университеті (Германия)), «Орталық Азияда инженерлік білім сапасын арттыру» (Флоренция университеті (Италия).

Университетте бірқатар халықаралық жобалар, оның ішінде НАТО гранты бойынша «Орталық Азияда ластанған трансшекаралық суларды бағалау» жобасы, еуропа және орталық азиялық ЖОО консорциумы аясында «Су үндестігі» халықаралық ғылыми-білім жобасы іске асырылып келеді.

Негізгі мәселелерді талдау

Интернационалдыру саласында университет қызметінің негізгі мәселелеріне келесілерді жатқызуға болады: білім бағдарламалары мен жеке білім траекторияларының жеткілікті үндеспеуі, жеткілікті дамымаған тілдік орта және білім алушылар мен ОПҚ-ның кәсіби шетел тілін меңгеруінің жеткіліксіздігі, білім бағдарламаларындағы халықаралық еңбек нарығының кәсіби құзыреттерінің нашар ескерілуі.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: ЖОО басқарудың ұлттық және институционалды моделі халықаралық тәжірибемен үндестірілмеген, кәсіпорындар мен бизнес-әріптестер тарапынан академиялық ұтқырлық бағдарламалары жеткіліксіз қаржыландырылған.

Ішкі факторлар: студенттерді мультимәдени және ұлтаралық ортаға маңызды бейімдеу және психологиялық дайындау қажеттілігі, университет ғалымдарының халықаралық ғылыми және академиялық ортаға зерттеу нәтижелерін ұсынудың жеткіліксіз жүйесі.

2.5 Кадрлық әлеуетті дамыту және талантты ОПҚ тарту

Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

М.Әуезов атындағы ОҚМУ кадрлық әлеуеті ғалымдар мен жоғары білікті мамандардан, білім, ғылым, мәдениет пен спорттың еңбек сіңірген қайраткерлерінен тұрады. Жалпы ОПҚ саны - 1611 оқытушы, олардың 1469-ы – штаттық оқытушылар (91,2%). Жалпы саны: ғылым докторлары, профессорлар – 154 адам, ғылым кандидаттары – 632 адам, PhD докторлары – 7. Ғылыми атағы мен дәрежесі бар ОПҚ үлесі – 52,1%. Университетте 16 академик және түрлі академиялардың 14 корреспондент-мүшесі жұмыс істейді.

Ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындаумен ЖОО-дан кейінгі білім беру орталығы айналысады. Қазіргі таңда магистратураның 61 мамандығы бойынша 539 адам және докторантураның (PhD) 14 мамандығы бойынша 25 адам білім алады. Мемлекеттік білім тапсырысы бойынша барлық докторанттар мен 316 магистрант (59%) оқиды. 11 магистрант ТМД желілік университетінің біріккен бағдарламалары бойынша білім алады.

Университет ОПҚ өзінің ғылыми-педагогикалық деңгейін арттыру бойынша тұрақты жұмыс істеп келеді. Жыл сайын талантты оқытушылар мен қызметкерлер докторлық және магистрлік диссертациялар қорғап, PhD ғылыми дәрежелерін алуда.

Соңғы үш жылда 38 адам «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегері атанды.

Шетелдік оқу орындарында ОПҚ жұмыс тәжірибесімен алмасуға, ғылым мен техника саласындағы біріккен жұмыстарды жалғастыру үшін шарттар құру мен іске асыруға университетте ерекше көңіл бөлінеді. Соңғы 3 жылда 131

профессор мен оқытушы шетелде тағылымдама мен біліктілікті арттырудан өтті, оның ішінде 51 ғылыми-педагогикалық қызметкер «Өрлеу» ҰБАО АҚ және 31 қызметкер «Болашақ» бойынша біліктілікті арттырудан өтті.

Негізгі мәселелерді талдау

Университетте персоналды басқару стратегиясы әлсіз жасалған, кадрлық саясат мәселесін әзірлеу қажет, жұмыс сапасын арттыру бойынша оқытушылардың мотивациясы жүйесі жеткілікті жетілдірілмеген.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: ЖОО оқытушысының орташа жалақысы мен еліміздегі орташа жалақы деңгейінің сәйкессіздігі.

Ішкі факторлар: үздік жас мамандардың басқа салаларға кетуі.

2.6 Тәрбие жұмысы және студенттік бастамаларға қолдау көрсету Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

Университетте тәрбие жұмысының жүйесі білім алушылардың бойында азаматтық жауапкершілікті, құқықтық сана-сезімді, руханият пен мәдениетті, бастамашылдықты, дербестікті, толеранттылықты, қоғамда сәтті әлеуметтенуге қабілеттілікті қалыптастыруға бағытталған.

Университетте тәрбие үдерісінің концептілік мазмұны стратегиялық құжаттарда қамтылған әдістермен анықталады – Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары, 2020 жылға дейінгі білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы және тәрбие мазмұны мен құрылымдарын жаңартуға бағытталған басқа құжаттар.

Университетте студенттік өзін-өзі басқару жұмыс істейді, жастардың бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Қоғамдық жастар ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметін үйлестіретін «Жастар орталығы» жұмыс істейді. Университетте «Нұр Отан» ХДП, «Жас Отан» жастар қанатымен іскер байланыс және біріккен қызмет күшейтілген. Қазіргі таңда университеттің 7500 студенті «Жас Отан» жастар қанатының мүшесі болып табылады, 600 студент – «Қазақстан студенттер альянсы» жастар қозғалысының мүшелері. Университетте 32 ұлттың студенттері мен жастарын біріктіретін «Достық» студенттік клуб құрылған. Отан сүйгіштікке тәрбиелеудің жеке моделі әзірленген.

Шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру үшін қоғамдық кәсіптер факультеті (ҚКФ) жұмыс істейді, мұнда 9 көркем-шығармашылық үйірме, «Студенттік құрылыс жасақтары», «Жасыл Ел», «Студенттік кеңес» жасақтары, Студенттік кәсіподақ ұйымы, «Ақиқат» дебат орталығы, Көңілділер мен тапқырлар клубы, «Жас ақындар» клубы, «Жас еріктілер» волонтерлік клубы жұмыс жасайды.

Тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі студенттердің салауатты өмір салты қағидалары мен дағдыларын ұстануы болып табылады. «Буревестник», «Денсаулық» спорт кешендері, №10 оқу корпусы, сондай-ақ №7, №8, №9 оқу корпустарындағы спорт залдары базасында 1028 студент 21 спорт секциясында өз спорттық шеберліктерін шыңдап келеді. Университеттің 157 студенті ҚР спорт шебері болып табылады, 17 – халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері,

257 – спорт шеберлігіне кандидат және 1000-ға жуық студент бұқаралық разрядтағы спортшылар болып табылады. ОҚМУ студенттері - Олимпиадалық ойындардың, әлем біріншіліктері мен халықаралық жарыстардың жүлдегерлері.

Жастардың әлеуметтік құқықтары мен мемлекеттік кепілдіктерін іске асыру бойынша стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін, студенттердің әлеуметтік өмір сүру жағдайларын жақсарту, сондай-ақ студенттердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мен қолдау бойынша жұмыстар атқарылып келеді. 40 студент – ҚР Президенті мемлекеттік стипендиясының иегерлері. Талантты спортшылар, шығармашыл жастар мен аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттердің ішінен 101 студентке университет гранты берілген, әлеуметтік әлжуаз отбасыдан шыққан үздік оқитын 25 студентке оқу төлемақысының 50%-ын төлеу жеңілдігі ұсынылаған, 33 студент «Студенттерді жеңілдетілген несиелеу» мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім алады. Жетім балалар болып табылатын 137 студентке ерекше көңіл бөлінеді.

Жатақханаларда толыққанды өмір сүру үшін барлық жағдайлар жасалған: компьютерлік сыныптар, кітапханалар, заманауи дыбыс-бейне техникасымен қамтылған демалыс бөлмелері, студенттік тамақтану пункттері жұмыс істейді.

Жастардың шығармашылығы қалыптасуы үшін «Университет» газетінің редакциясын, «ОҚМУ ТВ» телестудиясы мен фотостудияны қамтитын ақпараттық орталық ұсынылған.

Негізгі мәселелерді талдау

Кәсіби өсуге бағдарланған білім беру үдерісінің құзыретті парадигмасы мен маманның құзыреттілігі өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің тағдыры үшін өз жауапкершілігін түсінуге дайын, бағалы әлеуметтік қасиеттерді тасымалдаушыны тәрбиелеуге бағдарлана отырып, әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тәрбие үдерісін ұйымдастырудың инновациялық әдісін іске асыруды қажет етеді.

Бұл университетте тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіруді және оны оқу және ғылыми үдерістермен үйлестіруді қажет етеді. Интеллектуалды ұлт негізін құрайтын қазақстандық студент жастарды тәрбиелеуге бағдар беру қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар: жалған діни ағымдарың теріс әсері, зорлық-зомбылықты, шовинизмді және ұлтаралық алауыздықты насихаттайтын кейбір сайттардың теріс әсері.

Ішкі факторлар: студенттерге қолдау көрсететін әлеуметтік бағдарламалардың жеткілікті дамымауы.

2.7 Заманауи материалды-техникалық базаны дамыту және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету

Стратегиялық бағыттың дамуының негізгі параметрлері

Оқу үдерісін ұйымдастыру үшін университет өз қарамағында 16 оқу корпусқа (оның ішінде 3 спорт кешені), 6 жатақханаға, 1 қала сыртындағы оқу-сауықтыру орталығына, ауданы 20 000 м² оқу-жаттығу полигонына және ауданы 50 000 м² агроөнеркәсіптік кешен үшін жалға алынатын жер теліміне ие

Оқу корпустары мен студенттік жатақханалардың ғимараттары мен бөлмелерінің күтімі ҚР ДСМ 03.08.2010 жылғы №594 бұйрығымен бекітілген (14.02.2012 жылғы №17р-15-5-77 және 13.02.2012 жылғы №17-р-16-5-86 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы) «Техникалық, кәсіби және жоғары білім беретін оқу орындарындағы күтім, пайдалану және оқыту шарттарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың» санитарлық ережелер талаптарына сәйкес келеді.

Университетте тоғыз оқу корпусында және барлық студенттік жатақханаларда орналасқан Ақпараттық-білім беру орталығы жұмыс істейді. Білім алушыларға, оқытушыларға жайлы жағдай жасау үшін, барлық ресурстық электронды орталықтар мен кітапхананың оқу залдары заманауи интерактивті технологияларды пайдалану арқылы электронды білім және ғылыми контентке кіруге мүмкіндік беретін жабдықпен қамтылған.

Университет жалпы ауданы 9574,6 м² 3 спорт кешеніне, жалпы ауданы 33831,6 м² ашық типті спорт ғимаратына (стадиондар, спорт алаңдары, теннис корттары), жалпы ауданы 1391,3 м² екі бассейнге (үлкен және кіші), жалпы ауданы 1592,5 м² қала сыртындағы оқу-жаттығу орталығына ие.

Оқу корпустарында жалпы ауданы 7360,3 м² спорт залдары жұмыс істейді. Жабдық спорт базасының бір студентке шаққандағы ауданы белгіленген нормаларға сәйкес келеді. Спорт залдары спорттық құрал-саймандармен қамтылған. Сабақ өткізу үшін спорт залдары пайдаланылады: ойын, гимнастикалық залдар, ауыр атлетика, күрес, бокс залдары, теннис корттары, жүзу бассейндері, олимпиадалық жүзу бассейндері, волейбол алаңдары, футбол алаңы.

Университетте басқа қаладан келген білім алушылардың тұруына арналған 1690 төсек-орындық 5 студенттік жатақхана және университеттің шақырылған қызметкерлеріне арналған 1 жатақхана бар. Білім алушыларға арналған жатақханаларда интернетке қосылған компьютерлік сыныптар мен оқу залдары, тамақтану пункттері бар, ыстық тамақ дайындауға арналған тұрмыстық бөлмелер жұмыс істейді, жатақханада тұруға санитарлық-гигиеналық нормалары қамтамасыз етілген.

Университет тақырыптық жоспар бойынша оқу-әдістемелік әдебиет (оқу құралдары, монографиялар, әдістемелік құралдар және т.б.) шығартын, университеттің қызметтерін мен бөлімшелерінің бланкілік өнімін шығаратын баспа орталығына ие.

Ғылыми және инновациялық қызметті күшейту және ғылыми-техникалық әлеуетті тиімді пайдалану үшін университетте 9 ғылыми-зерттеу институты, 10 ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді.

Инновациялық белсенділікті арттыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және өңірдің кәсіпкерлігін дамыту мақсатында, «ОҚМУ» ЖШС ашылды, мұнда бизнес-жобаларды инкубациялау және өндіріске жана технологияларды ендіру жоспарланып отыр.

Университетте студенттердің өндірістік практикадан өтуі және инновациялық өндіріс мамандарын дайындау үшін тәжірибелік-экспериментальды өндірістік кешен құрылған.

Ғылыми зерттеулерді тиімді басқару және олардың нәтижелерін өнеркәсіптің түрлі салаларына ендіру мақсатында, кафедрааралық ғылыми кешендерді, зертханалар мен инновациялық құрылымдардан тұратын инновациялық инфрақұрылым құрылды.

Жоғарыда аталған құрылымдардың қызметін үйлестіру үшін, Инновациялар және технологияларды коммерцияландыру департаменті (ИТКД) құрылды.

ОҚМУ-дың ақпараттық жүйесі ақпаратты сақтау, өңдеу, жинақтау мен жанарту құралдары және технологияларымен қамтылған ақпараттық ресурс болып табылады және деректер базасы, электронды кітапханалар, оқу және ғылыми мақсаттағы электронды тасымалдағыштардағы оқу құралдары түрінде ұсынылған.

Университеттің корпоративті желісіне 6 электронды-ресурстық зал және университеттің барлық оқу корпустары мен студенттік жатақханаларындағы 87 компьютерлік сыныбы біріктірілген. 14 серверден және коммуникациялық жабдықтан тұратын және оқу корпустарын жоғары жылдамдықты оптика-талшықты желі арқылы UKGU-NET бірыңғай корпоративтік желісіне байланыстырған телекоммуникациялық торап жұмыс істейді. Деректерді резервтік сақтау жүйесі үшін жоғалған деректерді қалпына келтіру үшін резервтік көшірмелерді сақтауға арналған файл-сервер пайдаланылады.

Жоғары жылдамдықты арнада тұрақты интерактивті қарым-қатынасты, онлайн-семинарлар мен бейнеконференцияларға қатысуды қамтамасыз ететін Polycom HD7000 заманауи бағдарламалық-аппараттық кешен пайдаланылады. Интернетке қосылу жылдамдығы 155 Мбит/с-ға дейін арттырылған, оптика-талшықты арна базасында 1000 Base TX Fiberoptic стандарты бойынша көлемі unlimited.

Қазіргі таңда университеттің компьютерлік паркі 2981 компьютерді құрайды, оның ішінде: 2097 компьютер оқу үдерісінде тікелей пайдаланылады, 448 компьютер оқу үдерісін қамтамасыз ететін өндірістік құрылымдарда және 436 компьютер ЖОО-ны ұйымдық басқару жүйесінде пайдаланылады, 2800-ден астам компьютер интернетке тұрақты қосылған.

Электронды өнімдерді пайдалана отырып сабақ өткізуге арналған интерактивті тақтамен жабдықталған 179 кабинет және 4 мультимедиалық кабинеті бар, оқу корпустарында электронды ресурстық орталықтар және жатақханаларда компьютерлік сыныптар ұйымдастырылған.

ОҚМУ-дың интернет желілері:

- ОҚМУ-дың ресми web-сайты (www.ukgu.kz);
- ректордың блогы (www.rector.ukgu.kz);
- ОҚМУ ақпараттық-білім беру порталы (www.portal.ukgu.kz).
- Білім беру орталығының web-сайты (www.lib.ukgu.kz);
- КТЖТО ақпараттық-білім беру жүйесі (www.ckt.ukgu.kz) .
- ОҚМУ-дың «Прометей» ҚБЖ автоматтандырылған қашықтықтан білім беретін ақпараттық-білім беру кешені (www.sdo.ukgu.kz) .
- ОҚМУ электронды поштасы (www.mail.ukgu.kz).
- Университеттің түлектер ассоциациясы (www.av.ukgu.kz).

